



## БҰЙРЫҚ

«05» қаңтар 2026 жыл  
Өтеген батыр ауылы

## ПРИКАЗ

№ 10  
село Отеген батыр

### «Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы»

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Әлеуметтік аз қамтылған, толық емес, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасы балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, олардың құжаттарын ретке келтіру сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог Қ.Б.Султанбаеваға жүктелсін.
2. Бастауыш сынып оқушыларының ыстық тамақпен толық қамтылуы басты назарға алынсын, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрықпен бекітілген «Мектеп асханаларында оқушылардың ыстық тамағын ұйымдастыру» туралы әдістемелік нұсқаулық басшылыққа алынсын.
4. Сынып жетекшілерге;
  - 4.1 Ата-аналармен ыстық тамақты ұйымдастыру, оның маңыздылығы, дұрыс тамақтану туралы жиналыстар өткізілсін.
  - 4.2 Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тізімі НОБД ға енгізілсін.
  - 4.3 Бастауыш сыныптардың сынып жетекшілері ұйымдасқан түрде бекітілген кестеге сай оқушылардың тамақтануын қамтамасыз ету.
5. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына;
  - 5.1 Жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.
  - 5.2 Бастауыш сыныптары оқушыларының асхана тамақтану кестесі құрылсын.
  - 5.3 Асханадағы оқушылардың тамақтануы, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы, құжаттардың жүргізілуі қадағалансын.
6. Әлеуметтік педагогқа.
  - 6.1 Жалпыға міндетті оқу қоры, жалға алушы есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімі құрылып, тізімге сәйкес құжаттары жинақталсын.
  - 6.2 Тамақтануды есепке алу журналы жүргізілсін.

